Жаңақорған ардагерлер кеңесінің мүшесі Б. Итаяқовтың төрағалығымен өткен жергілікті қоғамдастық жиналысы отырысының

ХАТТАМАСЫ

Жаңақорған кенті **№ 20** **08 желтоқсан 2025 жылы**

Төрағалықта: **Б. Итаяков** - Жаңақорған кенті ардагерлер кеңесінің мүшесі, зейнеткер.
Хатшылықта: **Л.Бақытқалиқызы.**
Қатысқандар: Жергілікті қоғамдастық мүшелері және кент әкімшілігі мамандары, барлығы -13 адам қатысты.

Күн тәртібінде қаралатын әр түрлі мәселелер:

Қоғамдастықтың кезекті жиынын қоғамдастық төрағасы Б. Итаяқов ашып, «2025-2027 жылға арналған Жаңақорған кентінің бюджеті туралы» жобасын талқылап, жергілікті қоғамдастық жиналысымен келісу.

Қоғамдастықтың кезекті жиынын қоғамдастық төрағасы Б. Итаяқов ашып, «2025-2027 жылға арналған Жаңақорған кентінің бюджеті туралы» жобасын талқылау үшін сөзді Жаңақорған кенті әкімі Ж. Бейсенбековке берді.
Ж. Бейсенбеков өз сөзінде: «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 Заңына сәйкес және 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 9-1 бабының 2 тармағына жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту мақсатында 4-ші деңгейлі бюджет енгізілу көзделген. Осыған орай «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 Заңының 6 бабының 1 тармағының 1) тармақшасына сәйкес және 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 73-1 бабының 1 тармақшасына сай, Қоғамдастық жиынының мүшелеріне «2025-2027 жылға арналған Жаңақорған кентінің бюджеті туралы» жобасын Қоғамдастықтың кезекті жиынын қоғамдастық төрағасы Б. Итаяқов ашып берді.

1- мәселе.

Мемлекеттік сатып алу бойынша қалыптасқан үнемдеу шегінде бірлік бағасы өзгермеген кезде сатып алынатын көрсетілетін қызметтерге қажеттілік көлемінің ұлғаюына байланысты шарт соммасы ҚҚС-сыз 18675,7 мың теңгеге ұлғайтуға келісім алуға.

2-мәселе.

124001029- «Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер»

бағдарламасының 131 ерекшелігіне техқызметкерлердің еңбек демалысы кезінде төленуге тиісті материалдық көмегіне **202,0 мың** теңге;

124008029-Елді мекендерді жарықтандыру бағдарламасы бойынша_159-ерекшелігі бойынша 2025 жылға Жаңақорған кентіндегі Н. Айдарбекұлы көшесіне (20 дана) ұзындығы 720 метрге жарық шамдарын орнатуға **2760,0 мың теңге** қаржат қаралған болатын. Мемлекеттік сатып алу нәтижесінен **1660,8** мың теңге үнем болды.

124011029 «Елді мекендерді көркейту, көгалдандыру және абаттандыру» бағдарламасы **159-ерекшелігі бойынша** Жаңақорған кенті жасыл желектерді аяқ сумен қамтамасыз ету үшін қазу жұмыстарынан **1897,6 мың теңге** мемлекеттік сатып алу нәтижесінен үнем болып отыр.

Жаңақорған кентіндегі Алтынсарин мөлтек ауданында аллеяны аббатандыру бойынша жоба сметалық құжат негізінде **56052,0 мың** теңге. Жобаны бастауға **36908,0 мың теңге** берілген. Ендігі қалған **19144,0 мың теңге;**

124045029–«Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеу» бюджеттік бағдарламасының **159- ерекшелігіне** Жаңақорған кенті М. Мұсаев көшесіне орташа жөндеу жүргізу үшін ЖСҚ әзірлеп сараптама өткізуге жылдың басында берілген **1670,0** мың теңге берілген болатын. Алайда облыстық техникалық келісім бермегендіктен бөлінген қаржы игерімей қалды.

Ұсыныс пікірлер айтылды. **/ Ж. Бейсенбеков, Ү. Әбибуллаев, Ә. Утенбаев /.** (Жаңақорған кентінің әкімі Ж.Бейсенбековтың хабарламасы қаперге алынсын)

Жаңақорған кенті әкімінің аппараты мен ҚР Бюджет кодексінің 109-1 баптарының негізінде әзірленді.

101202 (Жеке табыс салығы) коды бойынша 2025 жылға 337854,0 мың теңгеге бекітілген, қазіргі таңда 387452,0 мың теңге орындалып отыр, **52598,0 мың** теңгеге ұлғаюына байланысты жоспарға еніп отыр.

104102 (Мүлік салығы) коды бойынша 2025 жылға 4650,0 мың теңгеге бекітілсе, қазіргі таңда **3308,0 мың** теңге, **1342,0 мың** теңгеге азаюына байланысты жоспарға еніп отыр

104302(Жер салығы) коды бойынша 2025 жылға 3250,0 мың теңгеге бекітілсе, қазіргі таңда **1712,0** мың теңге, **1538,0 мың** теңгеге азаюына байланысты жоспарға еніп отыр.

104401(Заңды көлік салығы) коды бойынша 2025 жылға 2618,0 мың теңгеге бекітілсе, қазіргі таңда 2452,0 мың теңге, **166,0 мың** теңгеге азаюына байланысты жоспарға еніп отыр.

104402 (Көлік салығы) коды бойынша 2025 жылға 137096,2 мың теңгеге бекітілсе, қазіргі таңда 139676,2 мың теңге, **2580,0 мың** теңгеге ұлғаюына байланысты жоспарға еніп отыр.

104501 (Бірыңғай жер салығы) коды бойынша 2025 жылға **3316,3** мың теңгеге бекітілсе, қазіргі таңда 4447,3 мың теңге, **1131,0 мың** теңгеге ұлғаюына байланысты жоспарға еніп отыр.

105430 (Жарнама) коды бойынша 2025 жылға **2843,2** мың теңгеге бекітілсе, қазіргі таңда 4685,2 мың теңге, **1842,0 мың** теңгеге ұлғаюына байланысты жоспарға еніп отыр.

105315 (Жер учаскесін пайдаланғаны үшін) коды бойынша 2025 жылға **821,1** мың теңгеге бекітілсе, қазіргі таңда **999,1** мың теңге, **178,0 мың** теңгеге ұлғаюына байланысты жоспарға еніп отыр.

201510 (Аренда) коды бойынша 2025 жылға 6612,0 мың теңгеге бекітілсе, қазіргі таңда 10205,0 мың теңге, **3593,0 мың** теңгеге ұлғаюына байланысты жоспарға еніп отыр

206109 (Өзгеде түсімдер) коды бойынша 2025 жылға **202,0** мың теңге болып бекітілсе, қазіргі таңда **846,0** мың теңге, **644,0 мың** теңге түсім түсіп отыр.

204114 (Өзгеде түсімдер, штраф, санкция...) коды бойынша 2025 жылға жоспар қойылмаған бірақ **367,0** мың теңге түсім түсіп отыр

303101 (Жер учаскесін сатудан түсетін түсімдер) коды бойынша 2025 жылға 110490,0 мың теңгеге бекітілсе, қазіргі таңда 113916,0 мың теңге, **3426,0 мың** теңгеге ұлғаюына байланысты жоспарға еніп отыр.

Жалпы ұлғайтылатын кірістер **63482,0 мың теңге**.

Жаңақорған кентінің 2025 жылда жергілікті бюджеттен мемлекеттік сатып алу нәтижесінен 1292,0 мың теңге үнем болған. Атап айтқанда:

124008015-Елді мекендерді жарықтандыру бағдарламасы бойынша көше кент көшелеріне жарық бағаналарын орнату жұмыстарына **4000,0** мың теңге бөлінген болаты. Келісім шарт суммасы **3890,0 мың** теңге. Мемлекеттік сатып алу нәтижесінен **110,0** мың теңге.

124 013 015- Аудандық маңызы бар қалаларда , ауылдарда ,кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамассыз ету бағдарламасы бойынша 2024 жылға Жаңақорған кенті көшелерінің шұңқыр болып қазылып қалған жерлерін тегістеп жөндеу жұмыстарына **4280,0** мың теңге бөлінген болаты. Келісім шарт суммасы **3822, 0 мың** теңге. Мемлекеттік сатып алу нәтижесінен **458,0** мың теңге.

Жаңақорған кенті К. Бакирова көшесінің бойына тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жаяу жүргіншілер *(тротуар)* орнату жұмыстарын аяқтауға **5000,0 мың** теңге қаражат бағытталады.

Жаңақорған кенті Хорасан ата даңғылы бойына қоршау жасап шырша орнату мақсатында **15680,0** мың теңге қаражат бағытталады.

124045029–«Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеу» бюджеттік бағдарламасының **159- ерекшелігіне** Жаңақорған кенті Т. Әбенов көшесіне күрделі жөндеу жүргізу үшін облыстық бюджеттен 199272,0 мың теңге бөлінген. Осы көшенің жұмысын аяқтау мақсатында аудандық бюджеттен 124045029-422 ерекшелігінен 893,0 мың теңге берілген. Осы 893,0 мың теңгені 124057029-422 ерекшелігіне ауыстырып беруіңізді.

Ұсыныс пікірлері тыңдалды. / Ж. Бейсенбеков, Ү. Әбибуллаев, А.Нысанбаев

Жергілікті қоғамдастық құрамы шешім етті:

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 39-3 бабына сәйкес, Жаңақорған кенті әкімінің жергілікті мәселелерді шешуге, қаралып жатқан 1 (бір) және 2 (екі) мәселе бойынша қоғамдастық мүшелерінің ұсыныс пікірлері назарға алынып, **бір ауыздан түгелдей** мақұлданып, келісетіндіктерін және «Жаңақорған кенті әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі қосымша келісім шарттар жасау жөнінде оң шешім қабылданды.

Кездесуде қоғамдастық кеңес төрағасы **Б. Итаяқов** қолдап, бәріміз бірлесіп жұмыс жасайық деп қорытындылап, кездесуге қатысушыларға алғысын білдірді.

Тізімдегі қоғамдастық мүшелерінің ішінен әрбір отырыста төраға кезекпен болу қажеттілігі жөнінде төраға **Б. Итаяқовтың** хабарламасы қаперге алынып, қоғамдастық мүшелерінің ішінен Ә. Нысанбаевтың келесі отырыста төраға болуы мақұлданды.

Қоғамдастық жиналысының төрағасы **Б. Итаяқов**

Хаттама жүргізген **Л. Бақытқалиқызы**